

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2016 жылдың 22 желтоқсанындағы
№ 127 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2016 жылдың 26 желтоқсанынан бастап
қолданысқа енгізілді

Биржа солармен жасалған мәмілелер
бойынша клирингілік қызметті жүзеге
асыратын, қаржы құралдардың баға өзгеру
шектелімдерінің шектерін өзгерту

Т Ә Р Т І Б І

Алматы қ.

2016

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2017 жылдың 10 сәуіріндегі № 33 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2017 жылдың 10 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ "бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, Биржа солармен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыратын, қаржы құралдары бағаларының өзгеру шектелімдерінің шектерін өзгерту тәртібін сипаттайды.

1. Осы Тәртіпте пайдаланылған ұғымдар мен терминдер, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар мен терминдерге ұқсас.
2. Сауда-саттық барысында, Биржаның сауда-саттық жүйесі өз баптауларына сәйкес, қаржы құралдарын сатып алуға немесе сатуға ең үздік бағаларының, осы бағалы қағаздар үшін клирингтік жүйесінің жұмыс регламентімен және қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелерімен анықталған, баға өзгеру шектелімдерінің шектеріне жеткені тиянақталады.
3. Қаржы құралын сатып алуға (сатуға) ең үздік өтінімнің бағасы 15 минут барысында осы қаржы құралының баға өзгеруі шектелімінің жоғарғы (төменгі) шегі 10 % кем болса, келесі процедуралар іске асырылады:
 - 1) сауда-саттық бөлімшесі сауда-саттық қатысушысына сауда-саттық жүйесіндегі хабарламалар арқылы осы қаржы құралы бойынша баға өзгеру шектелімін өзгерту бойынша процедуралар өткізілетіні туралы хабарлайды;
 - 2) Биржаның сауда-саттық және клирингтік жүйесі, осы Тәртіптің 7 және 9 тармақтарына (8 және 9 тармақтарына) сәйкес қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің жоғарғы (төменгі) шегінің жаңа мәнін, осы Тәртіптің 4, 5 және 6 тармақтарындағы белгіленген ерекшеліктерді ескерумен, есептейді;
 - 3) сауда-саттық бөлімшесі сауда-саттыққа қатысушыларын сауда-саттық жүйесінде хабарлама арқылы, осы Тәртіптің 4, 5 және 6 тармақтарында белгіленген, өзгертулер туралы ескертеді.
4. Баға өзгеру шектелімінің жоғарғы (төменгі) шегінің өзгеруі бір уақытта осы шектелімнің төменгі (жоғарғы) шегінің өзгеруіне әкеп соқтырмайды.
5. Баға өзгеру шектелімінің жоғарғы немесе төменгі шегінің өзгеруі, баға өзгеру жағдайы туындаған сауда-саттық күннің басында қолданыста болған, осы қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімі мөлшерлемесінің автоматты түрде өзгеруіне алып келеді.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген, баға өзгеруі шектелімі мөлшерлемелерін өзгерту, осы Тәртіптің 11 және 12 тармақтарына сәйкес, формулалар бойынша жүзеге асырылады.
6. Қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің мөлшерлемелерін өзгерту, осы қаржы құралы бойынша бастапқы маржаның мөлшерлемесін автоматты түрде өзгертуге алып келеді.
7. Қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің мөлшерлемесін есептеу келесі формуламен жүзеге асырылады:

$$L_H = P \times (1 + L_R/100) + \Delta, \text{ мұнда:}$$

- L_H – қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің жоғарғы шегі, теңгемен көрсетілген;
- P – сауда-саттық күнінің таңертеңіндегі қаржы құралының есептесу бағасы, теңгемен көрсетілген;
- L_R – сауда-саттық күнінің таңертеңінде белгіленген, қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің мөлшерлемесі, пайызбен көрсетілген;
- Δ – осы Тәртіптің 9 тармағына сәйкес есептелген, баға өзгеруі шектелімнің жоғарғы шегі өзгеретін, мөлшер.

8. Қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің төменгі шегін есептеу келесі формуламен жүзеге асырылады:

$$L_L = P \times (1 - L_R / 100) - \Delta, \text{ мұнда:}$$

- L_L – қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің төменгі шегі, теңгемен көрсетілген;
 P – сауда-саттық күнінің таңертеңіндегі қаржы құралының есептесу бағасы, теңгемен көрсетілген;
 L_R – сауда-саттық күнінің таңертеңінде белгіленген, қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің мөлшерлемесі, пайызбен көрсетілген;
 Δ – осы Тәртіптің 9 тармағына сәйкес есептелген, баға өзгеруі шектелімнің төменгі шегі өзгеретін, мөлшер.

9. Баға өзгеру шектелімінің жоғарғы немесе төменгі шегінің өзгеру мөлшерін есептеу келесі формуламен жүзеге асырылады:

$$\Delta = (L_H - L_L) \times \text{shift}, \text{ мұнда:}$$

- L_H – қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің жоғарғы шегі;
 L_L – қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің төменгі шегі;
shift – шектердің жылжу мөлшерін анықтайтын, 0,25 тең, коэффициент.

10. Қаржы құралының бастапқы маржасының мөлшерлемесін есептеу келесі формуламен жүзеге асырылады:

$$S = L_N + L_R, \text{ мұнда:}$$

- S – қаржы құралының бастапқы маржасының мөлшерлемесі, пайызбен көрсетілген;
 L_N – осы Тәртіптің 11 немесе 12 тармақтарына сәйкес, бағаның өзгеру шектелімінің (L_H) жоғарғы немесе (L_L) төменгі шегінің қайсысы өзгеруіне қарай есептелетін, қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің мөлшерлемесі.

11. Қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің жоғарғы шегі өзгерген жағдайда, осы қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің жаңа мөлшерлемесін есептеу келесі формуламен жүзеге асырылады:

$$L_N = \frac{100 \times (L_H - P)}{P}, \text{ мұнда:}$$

- L_H – қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің жоғарғы шегі, теңгемен көрсетілген;
 L_N – қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің мөлшерлемесі;
 P – сауда-саттық күнінің таңертеңіндегі қаржы құралының есептесу бағасы, теңгемен көрсетілген.

12. Қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің төменгі шегі өзгерген жағдайда, осы қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің жаңа мөлшерлемесін есептеу келесі формуламен жүзеге асырылады:

$$L_N = \frac{100 \times (P - L_L)}{P}, \text{ мұнда:}$$

- L_L – қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің төменгі шегі, теңгемен көрсетілген;
 L_N – қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімінің мөлшерлемесі;
 P – сауда-саттық күнінің таңертеңіндегі қаржы құралының есептесу бағасы, теңгемен көрсетілген.

13. Қаржы құралы бойынша баға өзгеруінің шектелімі өзгертілгеннен кейін, осы қаржы құралы бойынша өтімдер беру және мәмілелер жасасу үшін қолданылған, барлық сауда-саттық шоттар бойынша бірыңғай шектелімді қайта есептеу жүзеге асырылады.

Бірыңғай шектелімді қайта есептеу қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелерінде анықталған тәртіпте жүзеге асырылады.

14. Қаржы құралының бастапқы маржасының мөлшерлемесі ұлғайғанда клирингтік қатысушының маржалық қамтуына қойылатын талап ұлғаяуы мүмкін, осыға байланысты клирингтік сессияның қорытындысы бойынша осы клирингтік қатысушыға маржалқы қамтуды қосып аудару туралы талап қойылады.

15. Клирингтік бөлімше маржалық қамтуды қосып аудару туралы талапты қойып, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелерінде белгіленген тәртіпте, осы талаптардың орындалуын бақылайды.

16. Белгілі бір атаудағы қаржы құралы бағасының өзгеру шектелімі шектерінің өзгеруі, осы қаржы құралы бойынша сауда-саттықтар өткізілген, бір сауда-саттық күн барысында үш мәртеден артық жүзеге асырылмайды.

17. Қаржы құралының баға өзгеру шектелімінің мөлшерлемелерінің және бастапқы маржасының мөлшерлемелерінің жаңа мәндері, осындай өзгертілер болған, сауда-саттық күннің соңына дейін қолданыста болады.

Осы тармақтың бірінші абзацында аталған, мөлшерлемелердің жаңа мәндерін ақпарат және статистика бөлімшесі Биржаның ресми сайтының басты бетінде жариялайды.

18. Қаржы құралдарының жоғары волатильділігі жағдайында Биржаның Индекстер мен бағалы қағаздарды бағалау комитеті қаржы құралдарының баға өзгеру шектелімдерінің және бастапқы маржа мөлшерлемелерінің қолданыстағы мәндерін өзгертуге құқылы ([осы тармақ Биржа Басқармасының 2017 жылдың 10 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген](#)).